


АМКВНН



ОСЫ ЖҰРТ СЕРІКБОЛДЫ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?

Альберт Эйнштейннен біреулер «Балаларымыз ақылды болып өсу үшін не істесек болады?» деп сұрапты. Сонда Эйнштейн «Ертегі оқытындар» деп қысқа қайырыпты. «Өте ақылды болуы үшін ше?» деп қайта сұрағанда «Өте көп ертегі оқытындар» деп жауап беріпті. Бұл нені білдіреді? Ертегінің ешқайсысы қиялдан туған дүние емес. Тереңіне үніліп қарасаң, ар жағынан ақиқатты бейнесі менмұндалайды. Ол қандай ақиқат? Басқа халықтар секілді, қазақтың да бүкіл тарихы, танымы, тамыры ертегілерінде жасырылған. Балаға бесігінен-ақ ертегі айтып беретініміз бекер емес. Астарында сонау тұнық бастаудан нәр алсын, содан тамырлансын деген ниет жатыр. Ертегінің атасы – мифология. Ал қазақ мифологиясы туралы айтқанда Серікбол Қондыбайды айналып кете алмаймыз. Небәрі 36 жыл ғұмыр кешкен, сол қысқа ғұмырында қазақ мифологиясын жіліктеп, жіктеп, сандық-сандық қазынаға пара-пар шығармалар қалдырған Серікбол Қондыбай наурыз айында елуге келді. Есіл ердің елуінде екі ауыз сөз қалдыруды мұрат тұттық.

Серікбол Әділбекұлы 1968 жылы Маңғыстау облысының Құрық кентінде дүниеге есігін ашты. 1986 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың География факультетіне түсті. Сол жылы әйгілі Желтоқсан көтерілісіне қатысып, 10 күн абақтыға қамалды. ҚазҰУ-дан қуылғалы тұрғанда, ұстаздарының араша болуымен оқуын қайта жалғастырып, 1991 жылы «Геоморфолог» мамандығы бойынша бітіреді. Сөйтіп, Маңғыстауға оралып,

облыстық Маңғыстау-Үстірт музей-қорығында, облыстық экология басқармасында, өзі оқыған мектепте қызмет істей бастайды. Өкінішке қарай, 1995 жылы жол апатына ұшырап, жұлын жүйесінің зақымдануына байланысты арбаға таңылады. Серікболдың мифологиямен айналысуы, зерттеушілік жолға түсуі де дәл осы кезден басталды. Етбетінен жатқан күйі, қымбат қазынаны қопарып, қазақ мифологиясының шыңына шықты. Көзі тірісінде оншақты кітаптың авторы атанып, ел ықыласына бөленді. 2004 жылдың 24 тамызында бақиға аттанып кетті. Серікболдың шығармаларының шыңы – оның төрт кітаптан тұратын «Арғықазақ мифологиясы» монографиясы. Мұнда біздің алғашқы Ұлттық кодтарымыз – Ұлы ана – Ұмай ана, Ұлы Баба – Майқы ата тақырыбынан бастап барлық сұраққа байыпты жауап бар. Белгілі ақын Оңайгүл Тұржан бір сұхбатында: «Серікбол Қондыбай – бір өзі бір академияның жұмысын атқарған адам. Оның «Арғықазақ мифологиясын» оқып шығайын деп қанша ұмтылғанмен, қарапайым оқырманның тісі батпайды. Оны оқып шығу үшін үлкен дайындық керек, яғни кең білім керек» депті. Рас, Серікболдың бұл монографиясын қазақтың жұмбағы жасырынған. Оның құпиясын кітапты шынайы түсініп, байыбына барып оқыған адам ғана аша алады. Сондықтан қазақтың түп-тамырын іздеген, қазақ мифологиясының қайнарынан қанып ішкісі келетін адам міндетті түрде осы «Арғықазақ мифологиясын» оқығаны абзал. Қырымбек Көшербаев Маңғыстау облысын басқарып тұрған кезде, Серікболдың көптомдығының шығуына жәрдем берді. Сөйтіп, оның 12 томдық кітабы «Арыс» баспасынан жарық көрді. Соңғы 4 томы «Арғықазақ мифологиясына» арналды. Бұл туралы осы кітаптардың шығуына себепкер болған баспагер, филология ғылымының докторы Ғарифолла Әнес: «Серікбол Қондыбай тақырыпқа өзгеше қырынан келді. Ол әр нәрсені дүниетанымымыз, өмірге деген көзқарасымыздан іздеді және солай жазды. Серікбол Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» кітабы – бүкіл шығармаларының жон арқасы. Бұл кітапты қазақтың ұлттық сипатын зерттейтін талай ғалым оқиды. Өз бағасын береді. Бұл кітаптар – соларға баспалдақ» деп айтқан болатын. Шынында «Арғықазақ мифологиясы» – қазақ мифологиясының баспалдағы деуге лайық еңбек. Қазақ мифологиясы, жалпы миф дегеніміз не? Серікболша айтқанда, миф дегеніміз – тарих шындығы, халықтардың өз «мені». Түсінген адамға мифология деген – өте қызық тақырып. Серікбол оны былай түсіндіреді: «Мифология, миф – ойдан шығарылған қиял емес. Ол – өткен заман адамының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты. Ол – өткенді саналы түрде бұрмалаудың, жалғандықтың ескерткіші емес, бірнеше мәрте бүктетіліп, оралып, ақиқаты мен қатесі қатар өрілген, еріксіз шатасудың тозаңының арасында байқалмай қалған ақиқаттың өрім қамшысы», – дейді. Серікболдың басты көзірі – фольклор. Ол қазақ мифологиясындағы айтып түсіндірудің өзі қиынға соғатын тылсым да ғажайып дүниелерді қазақтың түп-тамырынан – фольклорынан іздейді. Соны қазып табады, тауып қана қоймай, ақ-қарасын ажыратып, құмнан алтын айырғандай ненің не, кімнің кім екенін тайға таңба басқандай таразылап береді. Мысалы, қазақтың дүниетанымында үйге жылан кірсе, басына ақ құйып шығарып салатын жоралғы бар. Бұл қайдан шыққан ырым? Жыланның басына сүт төгудегі мағына не? Мұның мәнін ешкім нақты мысалмен тап басып айтқан емес. Ал Серікбол бұған былай жауап берген: «Неліктен жыланға сүт берілуі немесе басына сүт төгілуі тиіс? Сүт – Ұлы Бабаның, жалпы ұрғашы атаулының өнімділігінің (материалдық байлықтың, ырзықтың) символы, нәрестенің басты қорегі, жауын-шашынның келбеттенуі. Жылан мен сүт байланысын да осы ыңғайда қарастырып көрген жөн сияқты. Нақты мысалдағы сүттің төгілуі, берілуі – Ұлы Бабаға және оның бейнесінен өрбіп шыққан басқа да мифтік құдірет иелеріне берілетін

садақаның бір түрі». Осы сияқты біздің қазақта «өйтуге болмайды, бүйтуге болмайды» деген ырым-тыйымдар өте көп. Неге болмайды, мәні неде, ол жағын ешкім талдап-түсіндірмейді. Мәселен, қазақта «Үйді айналып жүгіруге болмайды» деген тыйым бар? Не үшін? Серікболдың жазуынша, айналуға мақсат – затты басқаға көшіру. Бұл жайлы «Түркілік бақсылық дәстүрде сырқат адамды емшінің (бақсының) айналу жоралғысы бар, осы жоралғының мәні адамға қонған «ауруды» басқа бір нәрсеге «көшіру» (ауыстыру) дегенге саяды. Бақсы (адам) сырқатты айналу арқылы оның ауруын өзіне алады. Сондықтан да қазақта «үйді немесе адамды айналып жүруге болмайды» деген ырым бар. Осылай істеген жағдайда үй ішіндегі басқа бір адамның немесе нақты бір адамның бойындағы сырқаттар үйді немесе адамды айналған адамға ауып кетуі мүмкін. Тек өзінің ұрпағын жақсы көрген адам ғана, егер сол ұрпағы ауру болған жағдайда, оны аурудан айықтыру не болмаса ең құрығанда ауруын азайту, жеңілдету мақсатында оны айнала жүгіріп, ұрпағының бойындағы ауруын өзіне алатын болған. Бұл – өз ұрпағын аман сақтау үшін жасалатын ерікті құрбандық. «Айналайын» деген сөздің мән-мағынасы да «сен үшін құрбан болуға дайынмын» дегенді білдіретін жанкештіліктің (жанпидальқтың) ұраны» деп жазады Серікбол. Міне, қазақта ғана бар «айналайын» деген сөздің төркіні қайда жатыр? Мұсылмандардың Қағбаны айналып тауап жасаудағы мақсаты да осыған ұқсайтын секілді. Қасиетті Қағбаны жеті рет айналуға мұрат Алланың рақымына бөлену шығар, кім біледі?! Серікбол Қондыбайдың тағы бір ерекшелігі – әрбір дүниенің мән-мағынасын оның атауынан іздейді. «Қазақтың кез келген қара сөзінің қабығын қырсаң, астында жылтыраған алтын көрініп тұр» дейді ол. Шынында солай емес пе? Мысалы, «жел» сөзін алайық. «Жел» атауының қайдан шыққанына, қандай мағына білдіретініне біреуіміз үнілдік пе? Ал Серікбол болса осы «жел» мен «жын» ұғымдарын ұқсас деп қарастырады. Былай қарасаң, қисынға келетін секілді. Бала кезде құйын көрсек, тұра қашатынбыз. Үлкендер құйынды «жын» деп қорқытатын, одан сақтандыратын. Серікбол соның «сырын» ашып берді. «Жел (йел, йіл) – «рух» ұғымының байырғы түркілік атауы. Махмұт Қашқари (XI ғасыр) сөздігінде көне түрктің «йел» деген сөзін келтіреді, оның мағынасы қазіргіше «жын» (шайтан) деп аударылыпты. Көне түркілік «йел» сөзі бүгінгі қазақ тілінде «жел» түрінде айтылады. Қазақтың бүгінгі сенім-нанымында «жел» бейнесімен байланысты мифтік сипат іс жүзінде сақталмаған. Тек тіл мәліметтеріне сүйене отырып, тілдегі «желігу», «желбуаз», «желпіну», «желеу» (еліру, елігу, еліктеу, елеуреу, елегізу, елеңдеу, елпілдеу, т.б.) сияқты сөздердің мағынасына және «жел» > «йел» сөзінің көне мәтіндерде қалған сипаттарына қарап осындай есімді мифтік тұрпаттың болғанын реконструкциялауға болады» дейді Серікбол Қондыбай. Серікболдың бүгінгі академиялық ғалымдардан өзгешелігі – ол зерттеулерін диссертация не басқадай ғылыми атақ қорғау үшін жазған жоқ. Маған қарсы болады-ау, менің жазғандарымды жоққа шығарады-ау деп ешкімге жалтақтамады. Не жазғысы келді, қалай жазғысы келді, солай ұсынды. Бұл жайлы талантты ақын Мейірхан Ақдәулетұлы былай деді: «Серікбол Қондыбай – қазақ тарихында бұрын болмаған құбылыс. Серікбол – Тәңірдің бізге жіберген мұғжизасы сияқты. Академик түгілі, кандидаттық атағы жоқ, ғылыми ортадан жырақта, кішкентай бір ауылда тұрып, әлемдік деңгейде зерттелуге тиіс тақырыптарға із салды. Ол өз еңбектері арқылы тарихи ақиқатты тануға ұмтылды». Ал Серікболдың тілеулес ағасы, маңғыстаулық қаламгер Сайын Назарбекұлы «Серікболдың ғылымдағы, өмірдегі орны адам таңғалғандай. Ол әлемдік сыбаға бөлісінде өз сыбағасына тиген 15 шаршы метр бөлмесінде «мен» деп айқай салмастан, ешкімге міндетсіместен, ешкімнен ештеңе сұрамастан Алла Тағала әлі әлемді жаратпай тұрғанда бір нүкте болып тұрған,

жаратқаннан кейін «абак таңба» деп Серікбол ат қойған тіршіліктің негізгі заңына дейін ой жүгіртіп, өз ойымен Көкке жетсе де, өз аяғымен есікке жете алмай, жай ғана пенделік тіршілігін жалғастырған болатын» деген еді. Иә, оның шығармашылықтан басқа ештеңені ойлауға мұршасы болмады. Төсекке таңылып жатса да, сай-сүйегі сырқыраса да, қаламын құрғатпады. Сөйтіп, Қазақ мифологиясы атты алып ілімнің іргетасын қалады. Бір карағанда оның еңбектері шындықтың ауылынан алыстау, қиял әлеміне жақындау секілді көрінеді. Олай болуы – заңды да. Өйткені мифология деген таза теорияға, нақты дәлелге сүйенген ғылым емес, ол – әр халықтың таным-түйсігі, дүниетанымы. Сондықтан Серікбол тым тереңдегі қазақтың рухани қазба байлығын аршып алып, соны тазалап, өндеп, тұтынушыға, яғни қалың оқырманына ұсынды. Оның еңбектері ешқандай қалыпқа сыймайды. Ол шығармаларын жазу барысында ғылымның қилы саласына сүңгіп, түрлі бастау көздерін пайдаланды. Соны өз ақылымен қорытып, сүзгіден өткізіп барып, қаламға қол жалғады. Жазуын тоқтатқан күні, бақи ғұмырына аттанып кете барды... «Арамыздан ерте кеткен талантты ғалым Серікбол Қондыбай – ұлттық руханиятымыздағы аса сирек құбылыс. Ол этнография мен археология, география мен ономастика, агиография мен теология, эпос пен тарих, мифология мен философия деректерін салғастыра зерттеп, түркітану мен қазақтануға мейлінше үлес қосты. Отандық ғылым үшін жемісті болар жаңа бағыт бастап берді. Ол қалдырған мұраның деректік, пайымдамалық құндылықтары мен мәнділіктерін зерделеу – осы заманғы ұлттанудың қалыптасуы мен кемелденуіне оң ықпал етері сөзсіз. Бұл саңлақ таланттының саяқ зерттеушілік ізденістеріне, ерек елжандылығы мен еңбексүйгіштігіне таң қалмасқа шара жоқ!» деген еді заңғар жазушымыз Әбіш Кекілбаев. Әбіш ағадан асырып не айтуға болады? Серікбол Қондыбай кемелденудің кілтін қолымызға ұстатып кетті. Ендігі біздің міндет – сол кілтті қолға алып, арғы жағы бізге беймәлім жабық есікті ашу ғана.

Серікбол ХАСАН